ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА

ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

030010, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40
тел: 54-59-08, факс 54-69-50

030010, город Актобе, проспект Абылхайр хана, 40
тел: 54-59-08, факс 54-69-50

«26» тамыз 2019 ж.
№ 10-08/2250

«БЕКА ҚҰРЫЛЫС» ЖШС

№3477277-2 «Шалқар ауданындағы электр беру желілерін техникалық қамтамасыз ету және күтіп ұстау», ұйымдастырушы «Шалқар аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіндегі сатып алу комиссияларының шешіміне қарсы жазылған «БЕКА ҚҰРЫЛЫС» ЖШС-нің 2019 жылғы 9 тамыздағы №52134 шағым хаты бойынша көрсетілген бұзушылықтардың ішінара расталғандығын және анықталған бұзушылықтарды жою мақсатында конкурсты ұйымдастырушыға хабарлама жолданғандығын хабарлайды.

Сіздің шағымда көрсетілген 1-тармақ бойынша

ҚР ҚМ 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес еңбек ресурстарының Біліктілік туралы құжатына көшірменің көшірмесін салуға тиым салынбаған.

Сіздің шағымда көрсетілген 2, 3-тармақтар бойынша

Конкурстық құжаттаманы зерделеу барысында конкурстық комиссия Сіздің шағымда көрсеткен 2,3 тармақтар бойынша талаптар қоймағандығы анықталды.

Демек, әлеуетті өнім берушілер Қағиданың 6-қосымшасына сәйкес растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеуге де болады.

Сіздің шағымда көрсетілген 4-тармақ бойынша

Әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінімінде №24346303-ОК2 және № 24346250-ОК2 лоттары бойынша «1 контроллер» еңбек ресурсының бар екендігі жөнінде біліктілігі туралы мәліметінде көрсеткен және растаушы құжаттарын веб порталға орналастырған.

Сіздің шағымда көрсетілген 6-тармақ бойынша

ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 9-бабында әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптары көрсетілген Аталған біліктілік талаптарында «тексеру жөніндегі сертификаттар» қарастырылмаған. Демек, конкурсты ұйымдастырушымен Заңның 9-бабы 2-тармақшасы «Осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген: 1) мемлекеттік сатып алуға әлеуетті өнім берушілердің қатысуын шектейтін және негізсіз күрделендіретін; 2) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау қажеттігінен тікелей туындамайтын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді» талабы бұзылған.

Сонымен қатар, Қағиданың 150-тармағында тексеру жөніндегі сертификаттардың болмауы себебі бойынша әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін қабылдамау қарастырылмаған.

Ескерте кететін мәлімет, камералдық бақылау «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының» 19-тармағының 2 абзацына сәйкес жүргізілді.

Егер де Сіз шағым бойынша берілген жауапқа қанағаттанбаған жағдайда ҚР 2007 жылғы 12 қаңтарындағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12, 14 – баптарына сәйкес жоғарыда тұрған ұйымға немесе сотқа шағымдануға құқылы екендігіңізді есіңізге саламыз.

Сонымен қатар, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47-бабының 9-тармағына сәйкес осы бапта көзделген, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Департамент басшысының
орынбасары **К.Х.Тайшыков**

исп.Алматов Д
Тел 54-41-76